



«БЕКІТЕМІН»  
«Зайсан технология қолледжі» КММ  
директоры Сейлханов Е.Т. 2018 ж.

## БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ФЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

### 1. Жалпы ережелер

1.1. Бұл Ереже Қазақстан Республикасының «Білім беру туралы» Заңының, 2011-2020 жылдарға арналған Қазақстан Республикасындағы білімді дамыту Мемлекеттік бағдарламасының талаптарына сәйкес құрастырылған.

1.2. Білім алушылардың фылыми-зерттеу жұмысы жалпы білім беру процесінің бөлігі болып табылады және жүргізілетін барлық пәндердің мазмұнына оку сабактары түрінде енгізіледі.

1.3. Осы Ереженің талаптарын білім алушылардың фылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыруға қатысатын колледждің барлық оқытушылары орындауға міндетті.

1.4. Ереже ЦЭК отырыстарында қарастырылады, колледждің Әдістемелік Кеңесінде мақұлданып, F3O жетекшісімен және директордың тәжірибелік оқыту жөніндегі орынбасарымен келісіледі де, колледж директоры бекітеді.

### 2. Негізгі мақсаттары мен міндеттері

2.1. Білім алушылардың фылыми-зерттеу жұмысының мақсаты студенттердің шығармашылық қабілеттерін және фылыми қызметке қызығушылығын анықтап, дамыту, болашақ мамандығын менгеруге ынтасын жетілдіру, қазіргі заман жағдайларында талапқа сай мамандарды дайындау сапасын жоғарлату.

2.2. Білім алушылардың фылыми-зерттеу жұмысы білім алушылардың фылыми-зерттеу еңбегінің дағдыларын қалыптастыруға, шығармашылық ынтасын дамытуға және қазіргі заманғы маманды дайындауда қажет ететін фылыми-техникалық прогресстің нәтижесін тәжірибеде қолдана білуге бағытталған болу керек.

### 2.3. Негізгі міндеттер:

- студенттердің танымның фылыми әдістерін менгеруі;
- студенттерді фылыми зерттеу әдісімен, сараптама жүргізу тәсілімен және шешім қабылдаудың теориясымен таныстыру;
- фылыми және тәжірибелік тапсырмалардың өзіндік шешімін табу дағдыларына ие болу;
- фылыми ұжымдарда жұмыс істеу дағдыларына ие болуды, олардың жұмысты ұйымдастыру әдісімен таныстыру;
- білім алушыларда шығармашылыққа, өзіндік оқытуға, өзінің білімін үнемі жетілдіріп отыру талаптарына және оку материалын терең және шығармашылық менгеруіне тәрбелуе;

- ғылыми ақпаратты жинау, сараптау және өндеу дағдыларын қалыптастыру;
  - қазіргі заманғы ақпараттық технологиялар мен ақпараттық қарым-қатынас жасау әдістерін (Internet, электрондық пошта және т.б.) менгеру;
  - қоғамның экономикалық, әлеуметтік және рухани дамуын қамтамасыз ететін ғылыми бағыттың (жұмыстың) өзектілігін бағалауға ғылыми әдісті қалыптастыру.
3. Білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыру және жоспарлау
- 3.1. Білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмысы тікелей циклдық әдістемелік комиссияларда ұйымдастырылады.
- 3.2. Ғылыми жетекшілік ЦЭК-нің оқытушылар құрамымен жүзеге асырылады.
- 3.3. Білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмысы оқу үрдісіне қосылатын оқу – зерттеу жұмысы және оқудан тыс уақытта орындалатын ғылыми-зерттеу жұмысы болып бөлінеді.
- 3.4. Оқу үрдісіне қосылатын ғылыми-зерттеу жұмыс қарастырады:
- құрамында ғылыми ғылыми зерттеудің элементтері бар тапсырмаларды, зертханалық жұмыстарды орындау;
  - кәсіби немесе оқу тәжірибесі барысында ғылыми-зерттеу сипатындағы нақты үлгіге сай келмейтін тапсырмаларды орындау;
  - ғылыми зерттеудің әдістерін, қалпын, ұйымдастырудың және орындаудың теориялық негіздерін, ғылыми мәліметтерді өндеуді және т.б. оқыту.
- 3.5. Оқудан тыс уақытта орындалатын ғылыми-зерттеу жұмысы келесі формада ұйымдастырылады:
- ғылыми үйірмелердегі жұмыс;
  - ЦЭК-да орындалатын шығармашылық бірлестік бойынша топтармен және жеке жұмыстарға қатысу;
- 3.6. Білім алушылардың ғылыми үйірмелері оқудан тыс уақыттағы студенттерді ғылыми жұмысқа жұмылдырудың негізгі көп тараған ұжымдық формасы болып табылады. Студенттердің ғылыми үйірмесі бір немесе бірнеше ғылыми тапсырмаларды (мәселелермен) орындауға біріккен шағын шығармашылық ұжым ретінде болуы тиіс.
- 3.7. Ғылыми үйірмелер циклдық әдістемелік комиссияларда ұйымдастырылады. Үйірмелерде студенттер отандық және шетелдік арнайы әдебиеттер бойынша андатпа және рефераттар құрастырады, алынған нәтижелерді өндеу және сынақ өткізу дағдыларын игереді, көрнекі құралдарды жоспарлап, әзірлейді, колледждің семинарлары мен үйірме отырысында сөйлейтін хабарламалар дайындайды. Дайындықтары жоғары студенттер одан да қызынақ ғылыми тапсырмаларды орындауға жұмылдырылады. Үйірмелерде студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысының қорытындысы әдетке атқарылған жұмыс туралы және алынған нәтижелер туралы есептердің ұсынылуымен аяқталады. Ғылыми үйірме пәндік немесе мамандық бойынша құрастырылуы мүмкін. Пәндік үйірмеде оқу жоспары бойынша басқа пәндерді

оқытудағы сияқты емес, одан қынырақ тапсырмаларды орындау негізгі мақсат болып табылады. Мамандық бойынша ғылыми-зерттеу үйірмесінде студенттер ЦЭК-нің ғылыми тақырыбы бойынша зерттеулер орындаиды.

3.8. Студенттердің ғылыми үйірмелерін ұйымдастыруға колледждің барлық ЦЭК-лері міндетті.

3.9.Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысы оқытушылардың жеке жұмыс жоспарларына және оқу тәрбие мен ЦЭК-нің ғылыми жұмысының жалпы жоспарларына енгізіледі. Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелері ЦЭК-нің жыл сайынғы есебіндегі «Білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмысы» бөлімінде көрсетіледі. ЦЭК есебінде толық ақпарат көрсетілуі қажет:

- ғылыми үйірмелердің жұмысы туралы (үйірмелердің тақырыптары, студенттер мен үйірменің жетекшілері туралы мәліметтер, атқарылған жұмыстар);
- өткізілген байқаулар, олимпиадалар, конференциялар туралы ақпарат.

4. Білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмысын оқу-материалдық қамтамасыз ету

4.1. ФЗЖ-қа қатысатын студенттер колледждің оқу-материалдық базасын, ақпараттық-коммуникациялық технологияларын, ЦЭК-нің әдістемелік материалдарын, колледждің кітапханалық қорын пайдаланады, сонымен қатар оқытушының жетекшілігімен өндірістік базалардың жоспарламаларына, конференцияларға, семинарларға қатысады.

5. Ғылыми жетекшінің міндеттері

5.1. Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысының жетекшісі ғылыми үйірмені қалыптастырады, оның бағытын анықтайды, үйірменің және студенттердің тапсырмаларының жұмыс жоспарын құрастырады, студенттерге жоспарды құрастыруда және зерттеудің әдістемесіне жәрдемдеседі, әдебиеттерді ұсынады, студенттерге кеңес береді және кадағалайды, рефераттарды тексеріп, баға қояды (ғылыми есеп), басылымға материалдар дайындау кезінде көмек көрсетеді, дарынды студенттерге жеке жетекшілік етуге оқытушыларды шақырады.

5.2. Ғылыми жетекші дүріс ғылыми және әдістемелік құрылымға және әрбір студенттің жұмысын тиімді ұйымдастыруға жауапбереді, сонымен қатар студенттердің колледждің конференцияларына, жалпы қалалық және республикалық байқауларға қатысуын қамтамасыз етеді.

5.3. Үйірменің ғылыми жетекшісі мерзімді түрде (жылына 1 рет) өзінің жұмысы туралы ЦЭК отырысында есеп беруі тиіс.

5.4. ФЗЖ жетекшісі ЦЭК жетекшісі бірлесіп студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысы бойынша жоспар әзірлейді, оның санын және ғылыми үйірменің бағытын анықтайды.

5.5. Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысының жетекшісі ЦЭК-да студенттердің ғылыми конференцияларын, олимпиадалар және байқауларын ұйымдастырып, қажетті құжаттарды жүргізіп отырады, анықтамалар мен есептерді құрастырады.

6. Білім алушылардың ғылыми жгүмисін ынталандыру жүйесі

6.1. Студенттердің ғылыми жұмысының жүзеге асыру және дамыту студенттерді ынталандыру және дем беру шараларын қарастырады. Қөмек беру және ынталандырудың негізгі формалары келесілер:

- ғылыми жұмысты орындау процесінде алған нәтижелерді, пән бойынша, курстық жұмыстар бойынша және білім берудің әртүрлі этапындағы ( сынақтар; емтихандар: тәжірибе бойынша орындалған F3Ж есеп ретінде оқу) тәжірибелер бойынша алған бағаларын есепке алу;
- ғылыми жұмыстарды басылымға бергені үшін және сақтауға бергені үшін ынталандыру, интеллектуалды өнімді тіркеу;
- білім алушылардың үздік ғылыми жұмыстарын конкурстарға, көрмелерге және де жеңімпаздарды марапаттау қарастырылған басқа да жалпы-ұйымдастыру шараларына ұсыну;

6.2. Ғылыми-зерттеу жұмысында қол жеткізген жетістіктері үшін студенттер құрмет грамоталарымен, дипломдармен, бағалы сыйлықтармен марапатталады және де көрмелереге, конференцияларға, конкурстарға, олимпиадаларға қатысуға жіберіледі.

7. Білім алушылардың ғылыми-зерттеу жgымыстары бойынша цәк есеп беруі

7.1.Оқу жылының соңында үйірменің жетекшісі белгіленген форма бойынша студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысы жөнінде есепті ұсынады.

7.2. ЦЭК жетекшілігімен өткізілген студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарының көрсеткіштері ЦЭК мен оқытушылардың қызметін бағалау кезінде ескеріледі.